# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Күні: 18.09.2023
Тексерілді: ______________Әдіскер: Альсеитова Г.М.
Тәрбиеші:______________Есенгарина А.С.
**Топ**: «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы:** 2 жастан бастап
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 18.09-22.09.2023-2024оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| | **Әңгімелесу "Топта өзін қалай ұстау керек" (** *сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру*) **Міндеттері:** балаларды балабақша бөлмесінде (топта, жатын бөлмеде, қабылдау бөлмесінде) мінез-құлық және қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу. | **Әңгімелесу "Ойындағы мінез-құлық ережелері"(** *сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру*) **Міндеттері:** балаларды ойындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру. Зейінді, байқағыштықты дамыту. Ойындағы балалардың достық қарым-қатынасы | **Әңгімелесу"Қимылды ойындар кезінде өзін қалай ұстау керек?»(** *сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру*) **Міндеттері:** өзіңіздің мінез-құлқыңызды басқара білуге үйрету: өзіңізді ұстап, басқалардың пікірін тыңдау, адамдармен қарым-қатынас арқылы өзін тұлға ретінде жетілдіру; өз әрекеттеріңізді серіктестің әрекеттерімен | **Әңгімелесу"Серуендеу кезінде балабақша алаңындағы тәртіп ережелері" (** *сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру*) **Міндеттері:** балаларды балабақша алаңында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін сақтауға үйрету; өз алаңының шекарасын білу; оларды алаңда күтіп тұрған қауіптер туралы еске салу. | **Әңгімелесу"Әрқашан сыпайы бол" (** *сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру*) **Міндеттері:** балаларды даулар мен қақтығыстарды шешуге үйрету. Әр түрлі кешірім сөздерін қолдануға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Саусақ жаттығуы «Біз үйде нешеуміз»** **Мақсаты:** саусақтарын ашып жұмуға үйрету. ***( Денеш. сөйлеуді дамыту)*** | **"Сиқырлы көзілдірік"** ойыны **Мақсаты:** құрдастарымен қарым-қатынаста жағымсыздықты жою ***( сөйлеуді дамыту, қор.ор.тан)*** | **Саусақ ойындары: «Бала, бала балақан»** **Мақсаты:** Балалардың тілдерін, саусақтарын ашып жұмуға үйрету. ***(сөйлеу. дам, дене.шын,музыка)*** | **Саусақ ойындары: «Кім келді?»** **Мақсаты:** Балаларды үлкендерге қарай отырып, саусақтарын ашып жұмуға , сөздерді қайталауға жаттықтыру.( ***сөйлеу. дам, дене.шын)*** | **Саусақ жаттығуы «Қуырмаш»** **Мақсаты:** музыка ырғанына сай, саусақтарын ашып жұмуға үйрету. Тілдерін дамыту. ***( музыка, ден.шын, сөйлеу.дам)*** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Баланың балабақшаға бейімделуі туралы әңгімелесу | **Ата-аналармен әңгіме**: Құрметті ата-ана тазалықты сақтаймыз | **Ата-аналармен әңгіме:** «Отбасымен балабақша ынтымақтастығы» Тәрбиеші кеңесі | **Ата-аналармен әңгіме:** «Дені саудың-жаны сау» | **Ата – аналармен әңгіме**: Дәрумендердің бала ағзасына пайдасы туралы кеңесу |
| **Еңбек** | Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю. | Ойын бұрышын жинау. | Кітапхана бұрышын жинау | Топтағы орындықтарды ретімен қою. | Ұлттық бұрышты ретке келтіру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | **Суретті кітапша қарау.** «Дос боламыз бәріміз» | **«Ғажайып дорба»** Мақсаты: ойлау , есте сақтау қабілетін дамыту | **«Әдемі үйшік»** Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшік құрастыру | **Кітап бұрышы** Ертегі кітаптар қарау | **«Санамақ»** Мақсаты: тілдерін дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)** | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау** | | | | |
| | **№ 2 Таңертеңгі жаттығу кешені құралмен Мақсаты:** Бұрылу(оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау.қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеруге үйрету. | **№ 2 Таңертеңгі жаттығу кешені құралмен Мақсаты:** Бұрылу(оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау.қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеруге үйрету. | **№ 2 Таңертеңгі жаттығу кешені құралмен Мақсаты:** Бұрылу(оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау.қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеруге үйрету. | **№ 2 Таңертеңгі жаттығу кешені құралмен Мақсаты:** Бұрылу(оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау.қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеруге үйрету. | **№ 2 Таңертеңгі жаттығу кешені құралмен Мақсаты:** Бұрылу(оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау.қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеруге үйрету. |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. **(Мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дастарқанның басында Әдептен біз озбаймыз; Үлкендердің қасында Қолды бұрын созбаймыз. (Сөйлеуді дамыту) | Асқа отырар алдында міндетті түрде қолды жуу керек. (Дене шынықтыру. Мәдени гигеналық дағды) | Ойын жаттығу:Астың алды үнемі Сабын мен қолды жуамыз Таза болды мұнтаздай. Тағамға қол созамыз (Дене шынықтыру) | Тамақ ішерде бәріне «ас дәмді болсын» деп тілек білдіру керек. (Сөйлеуді дамыту) | Кір қолмен тамақ ішу денсаулыққа да қауіпті. (Дене шынықтыру. Мәдени гигеналық дағды) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қолдар танысады,қолдар ұрысады. " ойын -тренингі**<br>**.** Жаттығу көздері жабық жұпта жасалады, балалар бір-біріне қарама-қарсы қолдарда отырады. Ересек адам тапсырмалар береді (әр тапсырма 2-3 минут орындалады): - көзіңізді жұмып, қолыңызды бір-біріңізге қарай созыңыз, бір қолыңызбен | **"Кім осындай, орнынан тұр» ойын -тренингі**<br>Мақсаты: жаттығу зейінді, байқауды дамытуға, сондай-ақ топтық танысуды жалғастыруға бағытталған. Тәрбиеші тапсырма береді:<br>- кім жүгіруді ұнатады, - кім жақсы ауа-райына қуанады,<br>- кімнің қарындасы бар, - кім гүл сыйлауды ұнатады | **"Көңіл күй" ойын -тренингі**<br>Мақсаты: бет әлпеті мен бет әлпетін түсінуді дамытуға ықпал етеді. Жетекші тақтаға түрлі суреттер, маскалар қояды: - қуаныш, - таңдану, - қызығушылық, - ашу, ашу, - қорқыныш, - ұят, - жексұрын, - жиіркеніш, Балалардың міндеті-маска қандай сезімді білдіретінін анықтау. | **«Көңілді балалар» ойын - тренингі**<br>Мақсаты: Ойын арқылы балалардың ой-өрісін. Эмоциялық сезімдерін дамыту. Ойын үстінде балаларды сергіте отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру.<br>Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Ендеше тренингімізді | **"Не өзгерді?" ойын -тренингі**<br>Мақсаты: тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті назар мен байқауды дамыту. Әр бала кезекпен жүргізуші болады. Жүргізуші бөлмеден шығады, осы уақыт ішінде топта киімге, балалардың шаштарына і жағына өзгерістер жасалады, сіз басқа жерге ауыса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танысыңыз. Көршіңізді жақсырақ білуге тырысыңыз. Қолыңызды төмен түсіріңіз" - Қолыңызды қайтадан алға созыңыз, көршіңіздің қолын табыңыз. Қолдарыңыз ұрысады. Қолыңызды төмен түсіріңіз. - Қолдарыңыз тағы бір-бірін іздейді. Олар татуласқысы келеді. | және т. б. Жаттығу аяқталғаннан кейін балаларға ойынды қорытындылайтын сұрақтар қойылады: - Қазір біз топта кім ең мұқият болғанын көреміз. Біздің топта тәттілерді кім жақсы көретінін балалардың қайсысы есіне алды? Кімнің қарындасы бар? және т. б | | бастайық...<br><br>Оң жақтағы көршіңді бір құшақта,<br><br>Сол жақтағы көршіңді бір құшақта,<br><br>Оң жақтағы көршіңе бір жыми,<br><br>Сол жақтағы көршіңе бір жыми.<br><br>Балалар өздерін таныстырады. | аласыз (бірақ екі-үш өзгерістен аспайды; барлық өзгерістер көрінуі керек). Жүргізушінің міндеті-болған өзгерістерді дұрыс байқау. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | Қимылды ойын:«Ақ қоян» **Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу | **Музыка** Тәрбиешімен жүргізіледі **«көңіл күй»** **Дидактикалық ойын:** «түстеріне қарай топтастыр» **Шарты:** Түстері | **(Дене шынықтыру)** **Қимылды ойын:** «Доптарды кім тез жинайды?» **Мақсаты:** балаларды ептілікке, | **«Көңілді доп» ойын** **Мақсаты:** Балалар доп туралы түсінік бере отырып, доп туралы өлең жаттату, дөңгелек | **Дене шынықтыру** Жетекшімен жүргізіледі. **Дене тәрбие** «Менің тобым» Берілген бағытта тәрбиешінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын:«Қайда жасырылғанын тап»<br>**Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу<br><br>***(Сөйлеуді дамыту, сурет салу,сенсорика)*** | бойынша табу. Балалардың өз беттерінше жұмыс жасауы.<br><br>***(сенсорика, сурет салу, сөйлеуді дамыту,жапсыру )*** | шапшаңдыққа<br>**Әуенді –қимылды ойын:**<br>**«Бала-бала балақан».**<br>Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>**Дидактикалық ойын:** «Қоржын»<br>**Шарты:** Балалар қапшықтар ішіндегі үлкен- кіші заттарды саусақпен ұстап сезу арқылы ажыратады.<br>***(музыка,мүсіндеу, сөйлеуді дамыту,сенсорика)*** | пішінді заттарды салу<br>**Күтілетін нәтиже:**дөңгелек пішінді дұрыс салуды,бояуды үйренеді.<br>***(Сурет салу,сенсорика, сөйлеуді дамыту,мүсіндеу, құрастыру,дене шынықтыру,дене шынықтыру)*** | соңынан «шағын топпен» жүру. Кеңістікті бағдарлау іскерліктерін қалыптастыру -<br>**2. Тақырыбы: «Асық»**<br>**Мақсаты:** Балаларға асық ойынын ойната отырып жақсы көңіл күй сыйлау,алшы,шік, бүк атауға үйрете отырып, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту,сурет салу,сенсорик,жапсыру)*** |
| **2- таңғы ас** | **Жуыну:** Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде | **Жуыну кезіндегі тақпақтар:**<br>Жылы су, жылы су,<br>Біздің қолымызды жу. | **Тамақтану.**Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын | **Жуыну кезіндегі тақпақтар:**<br>Дос бол сабын,<br>сумен сен, | **Жуыну кезіндегі тақпақтар:**<br>Құрғақ, жұмсақ орамал, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. | Ақ сабын көпіріп, Біздің бетімізді жу. Өз сүлгілерін тауып,сүртінуге үйрету | қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. | Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, | Бізді өзіне орап ал. |
| **Серуенге дайындық** | **«Қуыршақ Айгерімге киінуді үйретеміз»** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге үйрету. | **«Қоянға киімдерді өз орнына жинауға көмектес»** ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін үйрету. | **«Досымызға көмектесеміз»** Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. | **«Мен ұқыпты киінемін»** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге үйрету. | **«Біз ақылды баламыз»** Киімдерін бүктеуге үйретуді бастау. |
| **Серуен** | **№1.Жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. **Еңбек:**Ағаш түптерін қопсыту. | **№2.Бұлтты бақылау: Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату **Еңбек:**Ауладағы гүлдерді суару. **Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат | **№3.Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.** **Мақсаты:**Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. | **№4. Желді бақылау.** **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. **Еңбек: «Әдемі гүлдер»** | **№5.Көшедегі машиналарды бақылау.** **Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**Балалар ды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**Қимылдық ойын: «Сұр қоян».**<br>Ойын барысы:Ойыншыл ардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Қоян,қоян тұршы<br>**( қоршаған орт. тан, денешын.сөйлеу. дамыту)** | әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Қимылдық ойын: «Соқыр теке».**<br>Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандар ы оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, да усына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщылард | **Еңбек:**Құстарға жем сауыт жасау.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық карауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?»<br>Мақсаты:Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын: «Аттамақ».**<br>**Мақсаты:**Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту | **Мақсаты:**Гүлзард ағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Қимылдық ойын: «Орамал тастау».**<br>**Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұ руға ыңғайлы болады.Ойнаушыл ар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында | үнемдейтіндігіме н түсіндіру.Машин аға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>**Қимылдық ойын: « Ақ қоянымы»**<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ың көзі байлаулы аламды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>**Дербес ойындар:**<br>**1.Әткіншектебу.**<br>**2. Тартылғышқа тартылу.**<br>**Тренинг: «Біз тату баламыз».**<br>***( қоршаған орт. тан, денешын.сөйлеу. дамыту)*** | керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп  ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.<br>**Тренинг: «Тырналар болып ұшайық».**<br>***( қоршаған орт. тан, денешын.сөйлеу. дамыту, көркем әдебиет)*** | қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.<br>**Дербес ойындар:**<br>**1. «Желмен жарысайық»**<br>***( қоршаған орт. тан, денешын.сөйлеу. дамыту, көркем әдебиет)*** | көңілдерін көтеру.<br>***( қоршаған орт. тан, денешын.сөйлеу. дамыту, көркем әдебиет)*** |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың сырт киімдерін жүйелі түрде шешіп отыру, тақпақ, ән үйрету, жұмбақ шешу, тілдерді бұрмалау, ұйқастарды санау. **(Көркемдік, өз бетінше ойын әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | **Нан туралы тақпақ қайталау.** Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар | **Тамақтану.**Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) | **Нан туралы мақал қайталау.**<br>**Нан— тамақтың** атасы<br>Ынтымақ — көптің батасы. | Нан бар жерде ән бар<br>Дәнді шашпа, нанды баспа. |
| **Күндізгі ұйқы** | Әлди, әлди ақ бөпем «Бесік жыры» (Музыка) | «Жеті лақ» ертегісі (Көркем әдебиет) | Әлди, әлди ақ бөпем «Бесі жыры» аудио тыңдату. (Музыка) | «Шалқан» ертегісін оқып беру | «Жақсы жатып, жайлы тұр!»(Қазақ тілі) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру, мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.**(Физикалық қасиеттері)** | | | | |
| **Сауықтыру шаралары** | Музыка ырғағымен біртіндеп қане тұрамыз, ұйқымызды ашамыз | Жастықтан біз тұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяғымызды жазамыз,<br>Үлкен болып өсеміз. | Бойымызды жазайық Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық. | Әдемі ирек жолдармен Лақтарша біз ойнақ тап, Тастан -тасқса секіріп, Жалаң аяқ жүгіреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. | Көздеріңді ашыңдар Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір-біріңе жымиыңдар Оңға, солға бастарыңды бұрыңдар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Ойын «Қонжыққа арналған печенье»**<br>***(мүсіндеу,құрастыру, сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)***<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; сұрақтарға жауап беруге,сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; қарапайым композиция құру және орналастыру;<br>**Музыкалық** | **Кітаптар қарау.«Бауырсақ» ертегісін қарау.**<br>**Мақсаты:** Кітаптарды дұрыс ұстауға тәрбиелеу.<br>**Ойын «Бауырсаққа үйге қайтуға жол тауып бер »**<br>***(көркем әдебиет, құрастыру,мүсіндеу,сурет салу)***<br>**Мақсаты:**Сурет салу техникасын жетілдіру; түзу сызықтар жүргізуге, ертегілердің мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға үйрету.<br>**Ойын жаттығу «Ұзын құлақ сұр** | **Құрастыру материалдарымен ойын**<br>**«Жануарларға арналған шарбақ»**<br>***( Құрастыру, қоршаг.ор.тан, сурет салу,көркем әдебиет)***<br>**Мақсаты:**жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға, | **Ойын «Қояндарға сәбіз жинап берейік»**<br>***( Жапсыру,көркем әдебиет, сенсорика,ермексаз)***<br>**Мақсаты:**қарапайым композиция құру және орналастыруға, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға, балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға үйрету.<br>**Музык. ойын «Көңілді аспаптар»** | **Ойын «Мысықтарға арналған доп» (мүсіндеу, сурет салу)**<br>**Мақсаты:** Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;сурет салу техникасын жетілдіру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру.<br>**Ойын «Пирамида құрастыру» ( сенсорика, құрастыру)**<br>**Мақсаты:** Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын (музыка)** **«Жау жаңбыр»** **Мақсаты:** музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасауға үйрету. | **қоян»** ***( көркем әдебиет, дене шынық)*** **Мақсаты:**тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға,бұрылу(оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу,қолды шапалақтау.қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұмуға үйрету. | Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;сурет салу техникасын жетілдіру; түзу, көлденең, тік сызықтарды жүргізуді үйрету. | **( музыка, дене шынық, сөйлеуді дамыту)** **Мақсаты:**Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға, Бір орында тұрып екі аяқтап секіруге үйрету.Балалардың тілдерін дамыту. | қалыптастыру , ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға, құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын анықтауға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Еркіндік ойын . Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың сырт киімдерін жүйелі түрде шешіп отыру, тақпақ, ән үйрету, жұмбақ шешу, тілдерді бұрмалау, ұйқастарды санау. **(Көркемдік, өз бетінше ойын әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Нан-ардақы,адал ас қол жумай оны | Нан қиқымын шашпаңдар! | Түзу қалпында, үстел ге тым | Нан жесеңдер балалар, Үлкен болып өсесің. | Дәмді тағам үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстамас.<br>***(Қоршаған ортамен таныстыру)*** | Жерде жатса,баспаңдар!<br>***(Көркем әдебиет)*** | тақалмай еңкейіңкіріп отырған жөн.<br>***(Дене шынықтыру)*** | Сүт ішсеңдер,балалар Тезірек ер жетесің.<br>***(Дене шынықтыру)*** | алғыс айтуды ұмытпа.<br>***(Сөйлеуді дамыту)*** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)** | Саусақ ойыны:<br>Кел санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап: бас бармағым алғашқы, балан үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы,<br>Шынашағым бәріне ортақ алақан<br>***(Математика негіздері)*** | Ертегілер әлемінде «Үйшік» ертегісі<br>***(көркем әдебиет)*** | Кітаптар қарау:<br>Кітаптарым жыртылса түбі түсіп қырқылса,<br>Желімдеймін жамаймын оларды дос санаймын. | Шығармашылық бала қажеттілігіне қарай дамыту.<br>***Сурет салу***<br>***Жапсыру***<br>***Құрастыру***<br>***Мүсіндеу.*** | **Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»**<br>**Мақсаты:** жылдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:**<br>«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»<br>**Кеңес:** «Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері » Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | | | | |